



типовая форма утверждена
решением Правления АО "Tengri Bank"
(протокол заседания от
"03" мая 2016 года № 33)

Для лиц, связанных с Банком
особыми отношениями
(в том числе с аффилированными лицами)
типовая форма утверждена решением
Совета директоров АО "Tengri Bank"
(протокол заседания от "30" мая 2016 года № 21)

Жеке тұлғаларға төлем карточкаларын шығару және оларды пайдалану ережелері

1 бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы жеке тұлғаларға төлем карточкаларын шығару және оларды пайдалану ережелері (бұдан әрі – Ереже) банктік шот ашумен (бұдан әрі – Шот), төлем карточкасын шығарумен, қызмет көрсетумен және пайдаланумен байланысты (бұдан әрі – карточка) Банк пен Клиент арасындағы өзара қарым қатынасты реттейді.
2. Осы Ереже Банк пен Клиент арасында жасалған Қол жеткізу құралы төлем карточкасы болып табылатын жеке тұлғаның банктік шот шартының (бұдан әрі – Шарт) ажырамас бөлігі болып табылады. Клиент Шартқа қосыла отырып, осы Ережеге де қосылады және:
 - 1) осы Ереже мен Банк тарифтерін алғанын, танысқанын және олармен сөзсіз келісетінін;
 - 2) осы Ережені сақтауды және басшылыққа алуды міндетіне алатынын;
 - 3) қосымша карточка шығарылған жағдайда, қосымша карточканы ұстаушылардың осы Ереженің сақталуы үшін жауап беретінін растайды.
3. Егер, Банкте Клиенттің қолы қойылған негізгі/қосымша карточканы алуға берген өтініші болса, онда Клиенттің осы Ережеде немесе Банк тарифтерінде өзінің қойған қолы жоқ екендігін және оларды алмағанын немесе өзіне түсіндірілмегенін дәлел ретінде пайдалануына құқығы жоқ.
4. Осы Ереженің әрекеті Банк ұсынған және осы Ережеде көзделмеген өзге қызметтерге қатысты болмайды. Егер, Клиент өзге де қызметтерді алуға ниет білдірсе, онда тиісті қызметтерді көрсетуге арналған қосымша шарттарды жасау талап етіледі.
5. Осы Ереже Банктің интернет-сайтына орналастырылады.
6. Осы Шарттың және Ереженің мәтінінде қолданылатын ұғымдар мен анықтамалар осы Ережеге жасалған қосымшаларда келтірілген мәндерге, егер, осы Шарттың немесе Ереженің мәтінінде тікелей басқасы белгіленбесе, ие болады.

2 бөлім. Төлем карточкасын шығару

7. Банк:
 - 1) Банкке Клиент жеке өзі жүгінген кезде – ағымдағы шот ашуға және төлем карточкасын алуға арналған өтініш берген күннен бастап (бұдан әрі – төлем карточкасын алуға арналған өтініш);

- 2) қашықтықтан қол жеткізу¹/онлайн² жүйесі арқылы карточка шығаруға арналған өтініш берілген кезде – осындай өтінім берілген күннен бастап (техникалық іске асырылғаннан кейін) 10 жұмыс күні ішінде карточка шығаруды жүзеге асырады.
8. Карточкаға қызмет көрсетілгені үшін Клиент Банкке Банк тарифтеріне сәйкес ай сайынғы негізде абоненттік төлем төлейді.
9. Банк дайын болған карточканы:
 - 1) тікелей карточканы ұстаушыға; немесе
 - 2) нотариатта куәландырып, карточканы ұстаушы берген сенімхат негізінде әрекет ететін карточканы ұстаушының сенімді тұлғасына; немесе
 - 3) ұйым басшысының қолы қойылып, мөрі басылған, ұйымның қызметкері болып табылатын карточканы ұстаушы берген сенімхат негізінде әрекет ететін ұйымның жауапты қызметкеріне; немесе
 - 4) нотариатта куәландырылған сенімхат негізінде жеке кәсіпкердің қызметкері болып табылатын карточканы ұстаушы берген сенімхат негізінде әрекет ететін жеке кәсіпкердің жауапты қызметкеріне береді.
10. Карточканы алған кезде карточканы ұстаушы/оның сенімді тұлғасы/ұйымның жауапты қызметкері/жеке кәсіпкердің жауапты қызметкері карточканы алғанын растайтын Банк құжатына қол қояды.
11. Карточканы ұстаушы карточканың сыртқы жағындағы қол қою үлгісіне арналған арнайы панельге де қол қояды. Сауда чегіне қойылған қол карточканы ұстаушының карточкаға қойған қол үлгісіне сәйкес келмеген немесе оның қойылған қолы болмаған кезде қызмет көрсету кезінде карточканы қолданудан бас тартуға және карточканы Банк тарапынан ешқандай өтемақы төлемей, айналымнан немесе төлем карточкалары жүйесінен алып тастауға заңды негіз болады.
12. Карточканы ұстаушы карточка шығарылған күннен бастап үш күнтізбелік айдан аса уақыт бойы карточканы алу үшін Банкке келмеген жағдайда, Банк Шарттың 1.10 тармағына сай талап етілмеген карточканы жоюға құқылы.

2-1 бөлім. Төлем карточкалары мен ПИН-конверттерді жеткізу

- 12-1. Банктің карточка ұстаушының жазбаша келісімі бойынша карточка ұстаушыға төлем карточкасы мен ПИН-конвертті курьерлік қызмет арқылы жеткізуге құқығы бар.
- 12-2. Төлем карточкасын/ПИН-конвертті жеткізіп беру кезінде курьерлік қызметтің қызметкері карточка ұстаушыны төлем карточкасы мен ПИН-конвертпен бірге, сондай-ақ карточка ұстаушының жеке басын растайтын құжатты суретке түсіреді.
- 12-3. Карточка ұстаушы қандайда бір банктік құжаттарға қол қоюдан бас тартқан немесе курьерлік қызмет қызметкерінің осы Ереженің 12-2 тармағында көрсетілген әрекеттерді жүзеге асыруына қатысты жұмысына кедергі келтірген жағдайда, карточка ұстаушыға төлем карточкасы мен ПИН-конверт берілмейді.
- 12-4. Карточка ұстаушының кінәсінен жеткізілмеген төлем карточкалары/ПИН-конверттер (бар болса), талап етілмеген төлем карточкаларын жою тәртібін реттейтін ішкі құжаттарға сәйкес жойылуы тиіс.

3 бөлім. Төлем карточкасын сақтау

13. Карточканы ұстаушы карточканың сақталуын қамтамасыз етеді және карточканы үшінші

¹ "TengriWallet" қашықтықтан қол жеткізу жүйесі – клиентке электрондық банктік қызмет алуына мүмкіндік беретін жүйе

² онлайн – Банктің интернет-сайты арқылы карточка шығаруға арналған өтінім беру мүмкіндігі

бір тұлғалардың санкциясыз пайдалануын болдырмайды.

14. Карточка үшінші тұлғаларға пайдалану үшін немесе кепіл ретінде берілмейді. Уәкілетті емес тұлғалар берген карточка алынып қойылады.
15. Карточканың сыртқы жағында ішінде кодталған ақпараты бар магнитті жолақ орналастырылған. Оған механикалық зақымданулар келтіруге (сызаттар, ластау, күн сәулесінің қызуы), электромагниттік өрістердің әсеріне (дисплейлердің жанына қою, магниттелген немесе магниті бар заттармен – кілттер, сөмкелердің магниттелген құлыптары) және магнитті жолаққа зақым келтіруі мүмкін және карточканы пайдаланып карточкалық операцияларды жүргізуге мүмкіндік бермейтін басқа да қолайсыз жағдайларға жол берілмейді.
16. Карточканың оң жағында ішінде кодталған ақпараты бар интегралды микросхема орналастырылған. Интегралды микросхема электромагниттік өрістердің және атмосфералық ықпалдарға әсер етпейді.
17. Банк банкоматтар және басқа да электрондық-механикалық қондырғылар арқылы пайдалану кезінде карточкаға келтірілген зақымдар үшін жауап бермейді.

4 бөлім. ПИН-код

18. ПИН-кодты алу келесі тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:
 - 18-1) ПИН-конвертте:
 - 1) тікелей карточканы ұстаушыға; немесе
 - 2) нотариатта куәландырып, карточканы ұстаушы берген сенімхат негізінде әрекет ететін карточканы ұстаушының сенімді тұлғасына; немесе
 - 3) ұйым басшысының қолы қойылып, мөрі басылған, ұйымның қызметкері болып табылатын карточканы ұстаушы берген сенімхат негізінде әрекет ететін ұйымның жауапты қызметкеріне (ұйым – Банкпен ұйым қызметкерлеріне ақша төлемдерін есепке жатқызу және төлеу бойынша банктік қызмет көрсету туралы шарт жасаған заңды тұлға); немесе
 - 4) нотариатта куәландырылған сенімхат негізінде жеке кәсіпкердің қызметкері болып табылатын карточканы ұстаушы берген сенімхат негізінде әрекет ететін жеке кәсіпкердің жауапты қызметкеріне береді.
 - 18-2) карточканы ұстаушының жазбаша келісімі болған кезде, карточка алуға арналған өтініште көрсетілген карточканы ұстаушының телефон нөміріне (техникалық мүмкіндік болған кезде) автоматты түрде ПИН-кодымен бірге SMS-хабар жолдау арқылы береді.
19. ПИН-конвертті алған кезде карточканы ұстаушы/оның сенімді тұлғасы/ ұйымның жауапты қызметкері/жеке кәсіпкердің жауапты қызметкері ПИН-конверттің тұтастығын тексереді және оны алғанын растайтын Банк құжатына қол қояды.
20. ПИН-код тек Банк қызметкеріне мәлім және оны жария етуге және/немесе карточканы ұстаушы үшінші бір тұлғаларға беруге болмайды. Карточканы ұстаушы карточканы пайдаланатын барлық мерзім ішінде ПИН-кодтың құпия болуын қамтамасыз етеді.
21. Карточканы ұстаушы өз қалауы бойынша қолданыстағы ПИН-кодты банкомат арқылы жаңа төрт таңбалы ПИН-кодқа, егер бұндай қызмет Банкте бар болса ауыстыра алады.
22. Банк карточканы ұстаушыға ПИН-кодтың құпия болуын қамтамасыз ету үшін төменде көрсетілген қағидаларды ұстануына:
 - 1) алған кезде бірден ПИН-конвертті ашып, оның ішіндегі парақшаға басылған ПИН-кодты есте сақтауға және ПИН-конвертті парақшамен бірге жоюға;
 - 2) егер ПИН-кодты карточканы ұстаушы бір жерге жазып қойған болса, онда карточка мен жазбаны бір бірінен бөлек жерде сақтауға;
 - 3) электрондық қондырғының пернетақтасында терілетін ПИН-код цифрларының

комбинациясын әлдебіреудің көруіне мүмкіндік бермеуге;

- 4) өз қалауы бойынша қолданыстағы ПИН-кодты жаңаға ауыстырған кезде қайталанатын цифрларды (мысалы, 7777) немесе рет ретімен келетін цифрларды (мысалы, 1234) құрайтын, сондай ақ карточканы ұстаушының туған күнін білдіретін цифрлардан немесе карточка нөмірінің цифрларынан тұратын комбинацияларды пайдаланбауға кеңес береді.
23. ПИН-кодты терген кезде электрондық қондырғының дисплейіндегі цифрлар бүркемеленіп беріледі (шартты таңбалар түрінде көрсетіледі). ПИН-кодты терген кезде қате жібермеу керек. ПИН-кодты қатарынан үш рет дұрыс термеген жағдайда, (кез келген уақыт аралығында, бір немесе бірнеше электрондық қондырғыларды пайдаланған кезде), төртінші рет қате терілген кезде Банк карточканы оқшаулап тастайды. Карточканы пайдалануды қалпына келтіру қате терілген ПИН-код есептегіші нөлге айналғаннан кейін Клиенттің Банкке берген жазбаша өтініші негізінде немесе Клиенттің телефон арқылы Байланыс орталығының қызметкеріне берген жазбаша нұсқауы негізінде Клиентті тиісті түрде сәйкестендіруден өткізгеннен кейін жүзеге асырылады.
24. Карточка мен электрондық қондырғыларды пайдаланып және дұрыс терілген ПИН-кодпен расталып жүргізілген карточкалық операциялар карточканы ұстаушымен жүзеге асырылған деп саналады.
25. ПИН-код жоғалған жағдайда, Банк карточканы ұстаушыға осы Ережеге сәйкес карточканы қайта шығаруға кеңес береді, өйткені, ПИН-код терілмей, карточка мен электрондық қондырғыны пайдаланып, карточкалық операция жүргізу мүмкін болмайды.

5 бөлім. Төлем карточкасы бойынша шектеулерді белгілеу/өзгерту

26. Карточканы пайдаланып, санкциясыз және алаяқтық операциялардың жүргізілуінің алдын алу мақсатында Банк карточкалық операциялардың жеке түрлеріне лимиттер мен шектеулер белгілейді.
27. Карточкалық операцияларды жүргізуге қойылған лимиттер мен шектеулердің мөлшері туралы ақпарат Банктің интернет-ресурсында орналастырылған.
28. Алынып тасталды.
29. Карточканы пайдаланып жүргізілетін шығыс операцияларына қойылған лимиттер мен шектеулерді өзгерту Клиенттің (негізгі карточканы ұстаушының) Банкке берген шектеулерді өзгерту жөніндегі өтініші негізінде жүргізіледі.
30. Үшінші тұлғаға ресімделген қосымша карточканы пайдаланып жүргізілетін шығыс операцияларына қойылған лимиттер мен шектеулерді өзгерту Клиенттің (негізгі карточканы ұстаушының) шектеулерді өзгертуге арналған жазбаша өтініші негізінде ғана жүргізіледі.
31. Клиенттің қандай да бір себептермен (мысалы, шет елде болған кезде) лимиттер мен шектеулерді өзгертуге арналған өтінішті беруіне мүмкіндігі болмаған кезде, карточканы (оның ішінде Клиенттің атындағы қосымша) пайдаланып жүргізілетін шығыс операцияларына қойылған лимиттер мен шектеулерді өзгерту Клиентті тиісті түрде сәйкестендіріп болғаннан кейін оның Байланыс орталығының қызметкеріне ауызша берген нұсқауы негізінде 30 күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі.
Бұл ретте, Клиент Банк жазу құралы арқылы жүргізген Клиенттің Байланыс орталығының қызметкерімен телефон арқылы жүргізілген келіссөздерінің жазбасы Клиенттен қабылданған карточканы пайдаланып жүргізілетін шығыс операцияларына қойылған лимиттер мен шектеулерді өзгерту туралы ауызша нұсқаудың және телефон арқылы Байланыс орталығы қызметкерінің Клиентті сәйкестендіргенінің жеткілікті растауы болып табылатынымен сөзсіз келіседі.
32. Клиенттің шектеулерді өзгертуге арналған өтінішінде немесе карточканы алуға берген өтінішінде немесе телефон арқылы Байланыс орталығының қызметкеріне берген нұсқауында көрсетілген карточкалық операцияларды жүзеге асыруға арналған лимитті

пайдалану мерзімі аяқталған кезде, Банк лимитті осы Ереженің 27 тармағында көрсетілген мөлшерге дейін автоматты түрде өзгертеді.

33. Алынып тасталды.

6 бөлім. Карточканы пайдаланып операциялар жүргізу

34. Карточканы ұстаушы карточканы тауарлар мен қызметтерді сатып алу кезінде төлемдерді жүзеге асыру мақсатында, сондай ақ қолма қол ақша алу, валюта айырбастау және Банк белгілеген және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да операцияларды жүргізу үшін пайдаланады. Олар карточка бойынша қызмет көрсетуге болатыны туралы карточканы ұстаушыларды хабардар ету үшін төлем карточкалары жүйелерінің логотипі бар көрсеткіштермен жарактандырылған қызмет көрсету пункттерінде жүзеге асырылады.

§ 1. Карточканы пайдаланып, қолма қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру

35. Төлем карточкалары жүйесінің ережелеріне сәйкес кәсіпкерлер карточканы төлемге қабылдаған кезде тауарлар мен қызметтердің бағасын, қолма қол есептесетін бағадан артық көтермеулері керек. Карточканы ұстаушы Банкті кәсіпкердің тауарлар мен қызметтердің бағасын көтерген жағдайлары жөнінде хабардар етеді.

36. Карточканы кез келген заңсыз мақсаттарға, мысалы карточканы ұстаушыға қатысты қолданылуы мүмкін жергілікті заңнамамен (өзі болған елдің заңымен) тыйым салынған тауарлар мен қызметтерге ақы төлеуді қоса, бірақ бұлармен шектелмей пайдалануға болмайды.

37. Кәсіпкердің карточканы пайдаланып, тауарлар мен қызметтерге қолма қол ақшасыз төлем төлеуі авторландырудың автоматтандырылған режимінде жүргізіледі.

38. Карточканы пайдаланып жүргізілетін карточкалық операциялар төлем құжаттары арқылы жүзеге асырылады.

39. Төлем құжатын орындауға беру және ұсыну тәртібі төлем жүргізілген төлем карточкалары жүйесінің ережесімен және/немесе төлем карточкалары жүйесіне қатысушылары арасында жасалған шарттармен анықталады.

40. Карточканы пайдаланып жүргізілетін валюталық операциялар Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында белгіленген валюталық операцияларды жүргізу жөніндегі талаптарды сақтай отырып, жүзеге асырылады.

41. Қазақстан Республикасының аумағында карточканы пайдаланып жүргізілетін төлемдер, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында белгіленген жағдайлардан басқа кездері, тек Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңгемен жүзеге асырылады.

42. Банктің халықаралық төлем карточкалары жүйесімен есептесу валютасы АҚШ доллары мен еуро болып табылады. Халықаралық төлем карточкалары жүйесі арқылы АҚШ доллары мен еуродан басқа валютамен жүргізілген карточкалық операциялар сомасы осы карточкалық операция бойынша Банкпен есептескен күні халықаралық төлем карточкалары жүйесі белгілеген бағам бойынша АҚШ долларына немесе еуроға айырбасталады және оны Банк карточканы ұстаушының банктік шотынан акцептсіз тәртіппен шығарып алады.

Егер Шот теңгемен жүргізілетін болса, және карточкалық операция халықаралық төлем карточкалары жүйесі арқылы жүргізілсе, Банк Клиенттің шотынан акцептсіз тәртіппен соманы Шоттан ақша алынатын күні Банк белгілеген қолма қол ақшасыз валюта сату бағамы бойынша АҚШ долларымен немесе еуромен жүргізілетін карточкалық операциялар сомасына балама теңгемен алады.

Егер Шот шетел валютасымен жүргізілетін болса, ал карточкалық операция теңгемен жүргізілсе, Банк Клиенттің шотынан акцептсіз тәртіппен соманы Шоттан ақша алынатын күні Процессингілік орталықтың карточкалық жүйесінде белгілеген қолма қол ақшасыз валюта сату бағамы бойынша теңгемен жүргізілетін карточкалық операциялар сомасына

балама шетел валютасымен алады.

43. Клиент карточканы пайдаланып, карточкалық операцияларды жүргізу кезінде жасалған төлем құжатын орындау үшін қажетті ақша сомасының Шотта болуын қамтамасыз етеді.
44. Авторландыру сомасы ол Шоттан алынғанға немесе Банк авторландыру сомасына төлем жүргізілмегені жөнінде растау алғанға дейін Клиенттің Шоттағы қол жетімді сомасынан алынып тасталады.
45. Банк төлем карточкалары жүйесінен төлем құжатын алғанға дейін авторландыру жүргізілген күннен бастап 30 күнтізбелік күнге Шоттағы авторландыру сомасын оқшаулап тастайды.
46. Карточканы ұстаушы карточкалық операциялар бойынша карточкамен, егер оған дейін карточка оқшауландырылмаса, есептеседі.
47. Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шоттағы ақшаға тыйым салынған немесе Шот бойынша шығыс операциялары тоқтатылған кезде карточкалық операцияны авторландырудан бас тартады.
48. Карточкалық операцияларды жүргізгені үшін Клиент Банкке Банк тарифтерімен белгіленген мөлшерде және мөлшерлеме бойынша комиссия төлейді. Комиссия Шотты тікелей дебеттеу арқылы Шот жүргізілетін валютамен ұсталады.
49. Клиент карточкалық операцияларды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын сақтамағаны үшін жауап береді. Банктің талабы бойынша Клиент Банктен тиісті талап алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде карточканы пайдаланып жүргізілген валюталық операцияларды растайтын құжаттарды береді.
50. Карточкалық операцияларды жүргізу үшін карточканы ұстаушы карточканы кәсіпкердің кассиріне ұсынады.
51. Авторландырудың автоматтандырылған режимі кезінде кассир авторландыруды POS-терминал арқылы жүзеге асырады. Кассир карточканы POS-терминалдың есептеуіш кондырғысына салады, пернетақтада карточкалық операция сомасын тереді. Кассир карточканы ұстаушыға арнайы пернетақтада ПИН-кодты теру арқылы карточкалық операцияны растауды ұсынады. Ресми сұрау Банкке байланыс арналары бойынша түседі. Шоттағы ақша жеткілікті болған және ПИН-код дұрыс терілген кезде (егер, карточкалық операция ПИН-кодты терумен расталатын болса) карточкалық операцияның жүргізілгенін растайтын чек екі данада басылып шығады. Кассир карточканы ұстаушыға чектің бір данасын береді. Карточканы ұстаушы чекте көрсетілген деректердің дұрыстығын тексереді. Қабылдаған технологияға байланысты, басып шығарылған чек карточканы ұстаушы мен кассирдің қойған қолдарымен куәландырылады.
52. Кассирдің карточканы ұстаушыдан жеке басын куәландыратын құжатты сұрауына құқығы бар. Құжаты болмаған кезде кассирдің карточка ұстаушыға карточкалық операциялар жүргізуден бас тартуына құқығы бар.
53. ПИН-кодты дұрыс теру және/немесе карточканы ұстаушының чекке қойған қолы карточканы ұстаушының Шоттан карточкалық операция сомасын алуға берген нұсқауы болып табылады.
54. Кассирдің осы Ереженің 9 бөлімінде көзделген талаптарды ескере отырып, жағдайлар анықталған дейін карточканы алып қоюына құқығы бар.
55. Қағаз тасымалдаушыда дайындалған төлем құжаттарына қандай да бір түзетулер енгізуге рұқсат берілмейді.
56. Карточканы ұстаушы карточка бойынша сатып алынған затты қайтаруға немесе карточка бойынша алдын ала төленген қызметтен бас тартуға құқылы. Бұл ретте карточканы ұстаушының талабы және кәсіпкердің келісімі бойынша кассир сатып алынған затты қайтару операциясын жүзеге асырады. Сатып алынған зат авторландыру жүзеге асырылғаннан кейін қайтарылады, бұндай жағдайда, карточканы ұстаушы қайтару операциясын жүргізуді талап етеді, өйткені авторландырылғаннан кейін карточкалық операция сомасы оқшауландырылады немесе банктік шоттан алынады. Қайтару

операциясын жүргізу үшін кассир карточка ұстаушы мен кассирдің қойған қолдарымен куәландырылатын арнайы қайтару (неселік) слипін ("reversal slip") ресімдейді, немесе арнайы чекті басып шығара отырып, POS-терминалдың арнайы функциясын ("reversal") іске қосады. Бұл ретте карточкалық операция сомасы оқшаудан шығарылады немесе Банк төлем карточкалары жүйесінен қайтару операциясы туралы деректерді алған күннен кейінгі банктік күні банктік шотта орны толтырылатын болады.

§ 2. Карточканы пайдаланып қолма қол ақша алу

57. Карточканы пайдаланып қолма қол ақша алу қолма қол ақша беретін пункт немесе төлем карточкалары жүйесіне қатысушылардың банкоматтары арқылы жүргізіледі.
58. Тәртіп бойынша карточка бойынша қолма қол ақша барған елдің валютасымен беріледі. Кейбір елдерде карточка бойынша қолма қол берілетін ақша сомасына және оның жиілігіне шектеу қойылуы мүмкін.
59. Қолма қол ақша беретін пункттен карточканы пайдаланып қолма қол ақша алу авторландырудың автоматтандырылған режимінде жүргізіледі.
60. Банкомат арқылы қолма қол ақша алуды карточканы ұстаушы өз өзіне қызмет көрсету режимінде жүзеге асырады.
61. Карточка операциясы аяқталғаннан және банкоматтан банкнот алынғаннан кейін чек басылып шығады. Ақпараттардың құпиялылығын сақтау мақсатында Банк карточкны ұстаушыға басылып шыққан чекті, банкоматтың жанына қалдырмай, өзімен бірге алып кетуді ұсынады.
62. Қолданыстағы карточка бойынша жүргізілетін карточка операциясы, ПИН-код дұрыс терілсе де, мынадай жағдайларда:
 - 1) сұралған соманы банкомат кассетіндегі банкноттармен бере алмайтын кезде, (осы банкомат нұсқаулығында көрсетілген банкноттың ең аз номиналына еселі соманы сұрау қажет);
 - 2) сұралған сома банкоматтан қолма қол ақша беру қондырғысының көлемімен белгіленген бір рет ақша беру лимитінен көп болған жағдайда, (сұраған соманы бірнешеге бөліп, операцияны бірнеше рет қайталау керек);
 - 3) Сұралған сома банктік шотта қалған ақшадан көп болса, (бұндай жағдайда, банктік шотта қалған ақшалар жөнінде ақпарат алу қызметін пайдаланып білуге болатын ақша мөлшерінен төмендеу соманы сұрау керек. Сонымен бірге Банк тарифтеріне сәйкес Банктің алатын сыйақысы сомасын да ескеру қажет);
 - 4) Сұралған сома карточканы ұстаушы /Банк банктік шот/карточка бойынша белгілеген шектеу сомасынан көп болған жағдайда жасалмауы мүмкін.
63. Банкоматпен жұмыс жасаған кезде, қайтарылған карточканы немесе берілген банкноттарды карточканы ұстаушы 20 секунд ішінде қондырғыдан алмаса, карточка ұстаушының ақшасын сақтау мақсатында банкомат карточка мен банкноттарды арнайы бөлікке қарай ішіне тартып алады. Бұндай жағдайда, осы банкоматқа қызмет көрсететін төлем карточкалары жүйесінің қатысушысы оның себебін анықтағаннан және Банктен кеңес алғаннан кейін карточканы ұстаушыға карточканы қайтарып береді. Авторландыру фактісі бойынша банктік шоттан алынған карточка операциясының сомасын (немесе оның алынған бір бөлігін) орнына келтіру банкоматты қайта инкассациялағаннан кейін және карточканы ұстаушы қолма қол ақшамен алмаған сома анықталғаннан кейін ғана жүзеге асырылады. Карточканы ұстаушының осы банкоматқа қызмет көрсететін төлем карточкасы жүйесінің қатысушысымен келіссөз жүргізуге көмек көрсетуі үшін Банкке жүгінуіне құқығы бар. Даулы жағдайларды шешу осы Ереженің 14 тарауына сәйкес жүзеге асырылады.

7 бөлім. Техникалық овердрафт

64. Клиент жіберген техникалық офердрафт Клиенттің шұғыл түрде өтеуіне жатады. Клиенттің

жіберген әрбір техникалық овердрафт жағдайы Шарт талаптарын барынша бұзған деп саналады және ол Банктің шартты бұзуына әкеліп соғуы мүмкін.

65. Клиент карточканы пайдаланып жұмсалатын ақшаға бақылау жасайды және техникалық офердрафттың болуына жол бермейді. Клиент карточканы пайдаланып жұмсалған ақшаға жеткіліксіз бақылау жасағаны үшін Банкке келтірілген залалдың толық көлемінде жауап береді.
66. Клиент техникалық овердрафтқа жол берген жағдайда:
 - 1) Банк осы Ережеге сәйкес карточканы оқшаулауды жүзеге асырады;
 - 2) Клиент Банкке техникалық офердрафт туындаған күннен бастап оны өтеген күнге дейінгі мерзімге Банк тарифтерімен белгіленген мөлшерлеме бойынша жіберілген техникалық офердрафт сомасынан тұрақсыздық айыбын төлейді.
67. Техникалық офердрафтқа жол берілген жағдайда, тұрақсыздық айыбын төлеу кезінде күнтізбелік айдағы күндер саны 30 (отыз) күнге, жылына – 360 (үш жүз алпыс) күнге тең деп қабылданады.
68. Техникалық овердрафт пайда болған сәттен бастап, Шотқа түскен ақшалар банктік күндегі берешектің жалпы сомасын өтеуге жіберіледі, бұндай кезде мынадай кезектілік белгіленеді:
 - 1) бірінші кезекте, техникалық офердрафтқа жол берілген жағдайда тұрақсыздық айыбы өтеледі;
 - 2) екінші кезекте, жіберілген техникалық офердрафт сомасы өтеледі.

8 бөлім. Карточканы оқшаулау және оқшаудан шығару

69. Банк карточканы оқшаулауды мынадай жағдайларда:
 - 1) Карточканы ұстаушыдан карточканы жоғалтып, ұрлатып немесе карточканы санкциясыз пайдаланғандығы жөнінде ауызша немесе жазбаша хабарлама алған кезде;
 - 2) Карточканы ұстаушы Шартта белгіленген өз міндеттемелерін орындамаған кезде;
 - 3) Осы Ереже талаптарын бұзған/сақтамаған кезде;
 - 4) Клиенттің Шоттағы ақшасына тыйым салынған немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Клиенттің Шот бойынша шығыс операциялары тоқтатылған кезде;
 - 5) төлем карточкалары жүйесінің талабы бойынша;
 - 6) Карточканың санкциясыз пайдаланылғанына күдік болған кезде, егер осы фактіні Банк анықтаған жағдайда;
 - 7) және де Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайларда жүзеге асырады.
70. Карточка жоғалған немесе ұрланған жағдайда:
 - 1) карточканы ұстаушы өзі тұратын жердегі Банктің кез келген филиалына немесе Байланыс орталығының қызметкеріне карточканың жоғалғаны/ұрланғаны жөнінде ауызша немесе жазбаша түрде хабарлама жасауы керек (бұдан әрі – Хабарлама);
 - 2) карточканы ұстаушы карточканың жоғалғаны немесе ұрланғаны туралы Банкті дер кезінде хабарламау салдарынан Клиентке және/немесе Банкке келтірілген залал үшін толық көлемде жауап береді;
 - 3) Хабарламада карточканы ұстаушының тегі, аты, әкесінің аты және мүмкіндігінше қосымша ақпарат: туған жылы, кодталған сөзі, карточка нөмірі мен оның қолданыста болу мерзімі, байланыс мәліметтері, сондай-ақ карточканы оқшаулау себебі көрсетілуі керек.
 - 4) Карточканы ұстаушы өзінің сәйкестендіру деректерін қандайда бір үшінші тұлғаға берген жағдайда, осындай үшінші тұлғадан келген хабарлама карточканы ұстаушыдан

- шыққан деп саналады, және карточканы оқшаулау салдарынан туындаған шағымдарды Банк қабылдамайды;
- 5) жоғалған/ұрланған карточканы оқшаулау карточканы ұстаушының нұсқауы бойынша карточка деректерін тоқтату парағына енгізе немесе енгізбей отырып жүзеге асырылады. Бұл ретте, карточка деректерін тоқтату парағына енгізе отырып, карточканы оқшаулаған жағдайда және Банктің тарифтеріне сәйкес Банкке сыйақы төлеген кезде Банк хабарламаны тиісті журналға тіркейді (уақытын көрсете отырып) және оны төлем карточкалары жүйесіне береді;
 - 6) жоғалған/ұрланған карточканы оқшаулау:
карточка деректемелерін тоқтату парағына енгізбей оқшаулау карточканы ұстаушының нұсқауы алынған сәттен бастап күшіне енеді;
карточка деректемелері тоқтату парағына енгізілген кезде, Банк хабарламаны құжат түрінде тіркеген сәттен бастап алты сағат өткеннен кейін күшіне енеді;
 - 7) жоғалған/ұрланған карточканы оқшаулау үшін Клиент Банкке Банк тарифтеріне сәйкес комиссия төлейді;
 - 8) Карточканы оқшаулағаннан кейін Карточканы ұстаушы берген жазбаша өтініш негізінде Банк жаңа нөмірмен және ПИН-кодпен жаңа карточканы шығаруды жүзеге асырады.
71. Осы арқылы, Клиент Банк Хабарламаны тіркегенге дейінгі карточканы пайдаланып жүзеге асырылған карточка операцияларының карточканы ұстаушы тиісті дәрежеде санкциялаған деп есептелуіне келіседі.
 72. Жоғалған/ұрланған карточканы тоқтату парағына карточка деректемелерін енгізбей оқшаулаған жағдайда, әлемнің кез келген аймағындағы карточкаға қызмет көрсететін эквайердің кез келген қондырғысында, Банк қондырғысынан басқа, санкцияланбаған түрде пайдалану қаупі болады. Жоғалған/ұрланған карточканы тек қана әлемнің белгілі бір аймағындағы эквайер қондырғылары үшін жарамды тоқтату парағына карточка деректемелерін енгізіп оқшаулаған жағдайда, әлемнің кез келген аймағындағы карточкаға қызмет көрсететін эквайердің кез келген қондырғысында, тек Банк қондырғысынан және осы тоқтату парағы жарамды болатын әлем аймақтарынан басқа, санкцияланбаған түрде пайдалану қаупі болады. Банк жоғалған/ұрланған карточканы карточканы ұстаушының нұсқауы бойынша тоқтату парағына карточка деректемелерін енгізбей немесе тек белгілі бір аймақтарда ғана жарамды болып табылатын тоқтату парағына карточка деректемелерін енгізіп оқшаулауға байланысты санкцияланбаған түрде пайдаланылғаны үшін жауап бермейді.
 73. Осы арқылы, Клиент карточканы ұстаушы мен Байланыс орталығы қызметкерінің арасында телефон арқылы жүргізілген келіссөздерді Банктің жазып алу қондырғысы арқылы жасаған таспаның карточканы ұстаушыдан түскен карточканы оқшаулау туралы ауызша хабарлама мазмұнының жеткілікті айғағы болып табылатындығымен келіседі.
 74. Банк карточканы ұстаушының карточканы сақтау кезінде жіберген салақтығы немесе ПИН-код құпиялылығын (оның ішінде карточканы оқшаулағаннан кейін де) сақтамағаны, сондай-ақ құқыққа қарсы қасақана әрекеттер жасағаны үшін карточканы ұстаушыны жауапқа тарту шараларын белгілеу құқығын өзіне қалдырады.
 75. Бұрын жоғалған/ұрланған деп жарияланған карточка табылған жағдайда, Клиент Банкке берілген жазбаша өтініштің негізінде карточканы, оның ішінде қосымша карточканы (өз атына, сондай-ақ үшінші тұлғаның атына) оқшаулаудан шығара алады.
 76. Алынып тасталған.
 77. Банкке берілген жазбаша өтініш негізінде қосымша карточканы оқшаулаудан шығаруға:
Клиенттің, егер ол бұрын Банкке қосымша карточканы оқшаулау туралы ауызша немесе жазбаша хабарлама берген болса;
Қосымша карточканы ұстаушының, егер ол бұрын Банкке қосымша карточканы оқшаулау

туралы ауызша немесе жазбаша хабарлама берген болса, құқығы бар.

78. Карточканы оқшаулаудан шығару:

- 1) оқшауланған карточканы одан әрі пайдалану оны ұстаушы үшін қауіпсіз болса, карточка қайта шығарылмаған жағдайда (мысалы, жоғалған/ұрланған карточка табылса);
- 2) Шартта немесе осы Ережеде қарастырылған міндеттерді Клиент Банк алдында орындаса;
- 3) Клиенттің банктік шотындағы ақшаларға салынған тыйым алынғаннан кейін, немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Клиенттің Шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтату алынып тасталған жағдайда жүргізіледі.

9 бөлім. Карточканы қолданыстан алу

79. Келесі:

- 1) карточканың қолданыста болу мерзімі аяқталған;
 - 2) карточканы ұстаушы Шартты орындамаған;
 - 3) карточканы ұстаушы карточканы пайдаланудан бас тартқан;
 - 4) Шарт бұзылған жағдайларда;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге негіздер бойынша карточканы қолданыстан алуға рұқсат етіледі.
80. Карточканы қолданыстан алуды банкомат, кәсіпкердің немесе қолма-қол ақша беру пунктiнiң кассирi, Банк қызметкерi жүзеге асырады. Карточканы қолданыстан алу кезінде (оны банкомат алып қойған жағдайдан басқа кезде) тиісті акт жасалады.
81. Банк банкоматпен алынып қойылған карточкаларды қайтаруды карточканы қайтару жөнiнде шешiм қабылдағаннан кейiн карточканы ұстаушының жазбаша өтiнiшi негiзiнде ол өзiнiң жеке басын куәландыратын құжат ұсынғаннан кейiн карточканы ұстаушыға тiкелей қайтарады.

10 бөлім. Карточканы қайта шығару

82. Банк карточканы қайта шығаруды карточканы ұстаушының Банкке берген жазбаша өтiнiшi негiзiнде жүзеге асырады.
83. Банк карточканы қайта шығаруды карточканы ұстаушының Банкке жазбаша өтiнiшi берген күнiнен бастап 10 (он) жұмыс күн iшiнде жүзеге асырады.
84. Карточканы ауыстыру мынадай жағдайларда жүргiзiледi:
- 1) карточканың қолданыста болу мерзімі аяқталған соң;
 - 2) ПИН-кодтың құпиялылығы ашылған немесе ол жоғалған жағдайда;
 - 3) Карточка жоғалған немесе ұрланған кезде;
 - 4) Карточка бүлінген және оны әрi қарай пайдалану мүмкiн болмаған жағдайда;
 - 5) Карточканы ұстаушы өз фамилиясын және/немесе атын өзгерткен кезде;
 - 6) Банктің немесе Клиенттің бастамасымен басқа да жағдайларда.
85. Карточканы қайта шығарғаны үшін Клиент Банкке Банк тарифтерiне сәйкес, осы Ережелердiң 85 тармағында белгiленген жағдайларды қоспағанда, комиссия төлейдi.
86. Банк карточканы қайта шығаруды, мынадай жағдайларда карточканы қайта шығарғаны үшін комиссия алмай жүзеге асырады:
- 1) карточканың қолданыста болу мерзімі аяқталған соң;
 - 2) ПИН-конверт қосымша парағындағы ПИН-код түсiнiксiз басылған жағдайда;
 - 3) Карточканы ұстаушының карточкада көрсетiлген фамилиясы және/немесе аты

карточканы ұстаушының карточка алуға (тез шығарылатын карточкадан басқа) берген өтінішінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес келмесе;

- 4) Карточканы оны ұстаушыға берген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде карточка бойынша алғашқы операцияны жүргізген кезде банкомат және/немесе POS-терминал карточканың магниттік жолағындағы ақпаратты оқи алмаса.

11 бөлім. Карточканы қолдану мерзімі, карточканы пайдалануды тоқтату

87. Карточкада оның әрекетте болу мерзімінің аяқталатын күні көрсетіледі (айы, жылы). Карточка онда көрсетілген айдың соңғы күнгізбелік күніне дейін күшінде болады.
88. Мерзімі өтіп кеткен карточкалар бойынша карточкалық операциялар жүргізілмейді. Қолданыста болу мерзімі аяқталғаннан кейін карточка осы Ереженің 10 тарауына сәйкес ауыстыруға жатады. Бұл ретте Банк карточканың қолданыста болатын мерзімі аяқталатын күннен 10 күнгізбелік күн бұрын бұл жөнінде карточканы ұстаушыны мына тәсілдермен:
 - 1) карточканы алуға арналған өтініште көрсетілген карточканы ұстаушы нөміріне телефон арқылы қоңырау шалу арқылы;
 - 2) карточканы алуға арналған өтініште көрсетілген карточканы ұстаушының нөміріне SMS-хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді.
89. Карточканы ұстаушы оны пайдаланудан бас тартқан жағдайда, Банкке тиісті жазбаша өтініш ұсынады.
- 89-1. Карточкалық өнім жеңілдетілетін жағдайда, Банк осындай карточкалық өнім бойынша ол жеңілдетілген күннен бастап төлем карточкасын шығаруды жүзеге асырмайды, бұл ретте жеңілдетілген өнім аясында төлем карточкаларына қызмет көрсету олардың қолданыс мерзімі өткенге дейінгі мерзімге жалғасады.

12 бөлім. Үзінді көшірмелерді беру

90. Банк Клиенттің/ қосымша карточканы ұстаушының жазбаша өтініші бойынша Клиентке / қосымша карточканы ұстаушыға қажетті өткен кезең үшін карточкалық операциялар бойынша үзінді көшірмелерді осындай өтінішті алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде ұсынады. Бұл ретте, қосымша карточканы ұстаушы қосымша карточканы пайдаланумен жүзеге асырылған операциялар бойынша ғана үзінді көшірмені алуға құқылы. Клиент шот бойынша шектеусіз, оның ішінде қосымша карточка операциялары бойынша үзінді көшірмені алуға құқылы.
91. Өткен кезең үшін үзінді көшірме Клиентке/қосымша карточка ұстаушыға мынадай тәсілмен:
 - 1) қағаз бетінде басылады және тікелей Клиентке/қосымша карточканы ұстаушыға қызмет көрсетілетін филиалда беріледі; немесе
 - 2) электрондық түрде Клиент/қосымша карточканы ұстаушы карточка алуға берген өтінішінде көрсетілген мекен-жай бойынша электрондық түрде жіберіледі; немесе
 - 3) қағаз бетінде басылады және Клиент/қосымша карточканы ұстаушы карточка алуға берген өтінішінде көрсетілген мекен-жай бойынша пошта немесе факсимильдік байланыс (үзінді көшірмені жіберуге байланысты жұмсалатын пошталық немесе басқа да шығындарды төлеген жағдайда) арқылы жіберіледі.
92. Клиент/қосымша карточканы ұстаушы Банкке үзінді көшірмені бергені үшін Банк тарифтеріне сәйкес комиссия төлейді.
93. Банк Клиент нотариатта куәландырып берген сенімхат негізінде әрекет жасайтын Клиенттің сенімді тұлғасына үзінді көшірмені беруге құқылы.

13 бөлім. Карточканы пайдалану бойынша қосымша қызметтер

94. Банк қосымша қызметтердің келесі тізімдемесін ұсынады:
 - 1) SMS-хабарлама;
 - 2) cashback.
95. SMS-хабарлама қызметін алу үшін Клиент/қосымша карточканы ұстаушы Банкке осындай қызметті алуға арналған өтінішті ұсынады немесе банкомат арқылы өздігінен қосылады. Одан бөлек, Клиент қызметке қашықтықтан қол жеткізу жүйесі арқылы қосыла алады (техникалық мүмкіндік болған кезде).
- 95-1. Банк карточкасын пайдаланумен жүзеге асырылған операциялар бойынша cashback мөлшерлері туралы ақпарат Банктің интернет-сайтында орналастырылған.
- 95-2. Cashback есептеу Шотты жүргізу валютасымен жүзеге асырылады. Карточканы ұстаушы олар бойынша cashback төлемі жүргізілген, карточка бойынша төленген сатып алынған затты қайтарған немесе карточка бойынша алдын-ала төленген қызметтен бас тартқан жағдайда, осы карточкалық операция үшін cashback төленген сомасы қайтарылды.
96. Клиент қосымша қызметтерді алу үшін Банк тарифтеріне сәйкес Банкке комиссия төлейді.
97. Осы Ереженің 94 тармағында көрсетілген қосымша қызметтер тізбесі толық емес және Банк карточканы пайдаланып жаңадан қосымша банктік қызметтерді енгізген кезде бір жақты тәртіппен толықтырылуы мүмкін.

14 бөлім. Санкцияланбаған төлемдер жөніндегі өтінішті және карточкалық операциялар жөніндегі басқа да шағымдарды қарау

98. Барлық даулар бойынша Клиент/қосымша карточка ұстаушы Банкке Банк белгілеген нысан бойынша даулы жағдайды қарауға арналған жазбаша өтінішпен жүгінеді.
99. Санкцияланбаған төлемдер жөніндегі өтініштер қабылданған жағдайда, Банк Клиенттің атынан төлем карточкалары жүйесіне жазбаша арызбен жүгінеді. Санкцияланбаған төлемдер жөніндегі өтінішке карточканы ұстаушы сауда чегі мен өзге де құжаттарды қоса береді.
100. Банк санкцияланбаған төлемдер немесе карточканы ұстаушы авторландыру жүзеге асырылған күннен бастап 45 күнтізбелік күн өткен соң ұсынған басқа наразылықтар бойынша өтініштерді қарауға қабылдамайды.
101. Санкцияланбаған төлемдер немесе басқа да шағымдар жөніндегі өтініштерді қарау мерзімі карточканы ұстаушы Банкке жазбаша өтінішпен жүгінген күннен бастап халықаралық төлем жүйелері ережесімен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленеді.
102. Клиент санкцияланбаған төлемдер немесе басқа да шағымдар бойынша негізделген өтініштер берген кезде, Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген мерзімде Клиент Шотындағы карточка операциясының сомасын қалпына келтіреді.
103. Карточканың жоғалғаны, ұрланғаны немесе санкциясыз пайдаланылғандығы туралы хабарлама күшіне енгеннен кейін санкцияланбаған төлем жүзеге асырылған кезде Банк Клиентке санкцияланбаған төлемді жүзеге асыруға байланысты жұмсалған шығындарды қайтарады.
104. Клиенттің санкцияланбаған төлемдер немесе басқа да шағымдар жөніндегі өтініштері негізсіз болған кезде, Банктің даулы мәселені реттеу үшін жұмсаған барлық шығындар сомасын Клиенттің Шотынан акцептсіз тәртіппен алып алуына құқығы бар.
105. Егер, Клиенттің/карточканы ұстаушының санкцияланбаған төлемдерді жүргізуге қатысқандығы немесе оны жүзеге асыруға ықпал еткендігі анықталған жағдайда, Банк санкцияланбаған төлемдерді жүзеге асыруға байланысты жұмсалған шығындарды Клиентке қайтармайды.
106. Банк карточканы ұстаушы мен кәсіпкер арасындағы немесе карточканы ұстаушылар

арасындағы дауларға қатыспайды. Банк өзіне төлеуге ұсынылған операциялар бойынша даулар туындаған жағдайда, қажетті құжаттар берілсе, карточканы ұстаушыға кеңес береді.

107. Басқа да шағымдарды қарау тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

Жеке тұлғаларға төлем карточкаларын шығару және пайдалану ережесіне
қосымша

осы Ереже мен Шарт мәтінінде қолданылатын

ҰҒЫМДАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР:

- 1) авторландыру – Банктің төлем карточкасын пайдаланып, төлемді жүзеге асыруға берген рұқсаты. Авторландыруды алудың тәртібі төлем карточкалары жүйесінің қатысушылары арасында жасалған шарттарға сәйкес белгіленеді;
- 2) банкомат – төлем карточкасы бойынша қолма-қол ақшаны автоматты түрде алуға және төлем карточкасын пайдаланып, Банктің басқа да қызметтерін пайдалануға мүмкіндік беретін электронды-механикалық қондырғы;
- 3) карточканы оқшаулау – төлем карточкасын пайдаланып, карточка операцияларын жүргізуге толық немесе уақытша тыйым салу;
- 4) төлем карточкасын шығару – Шарттың негізінде төлем карточкаларын ұстаушыларға олардың төлем карточкаларын беруді көздейтін операция;
- 5) карточканы ұстаушы – Шартқа сәйкес негізгі және/немесе қосымша төлем карточкасын пайдаланатын жеке тұлға;
- 6) ұйым қызметкерлеріне банктік қызмет көрсету туралы шарт – банктік шоттарды ашу және қызмет көрсету, ұйым қызметкерлеріне арналған карточкаларды шығару және қызмет көрсету, сондай-ақ ұйымнан қолма қол ақшасыз Банкке келіп түскен ақшаны банктік шотқа қабылдау (енгізу) талаптары мен тәртібін реттестіретін Банк пен ұйым арасында жасалатын шарт;
- 7) қосымша карточка – Клиенттің немесе Клиенттің жазбаша өтінішінің негізінде ол көрсеткен өзге жеке тұлғаның атына негізгі карточкаға қосымша түрде Клиент Шотына қол жеткізу құралы ретінде ресімделген Банктің төлем карточкасы;
- 8) интернет–операциялар – Интернет желісінде тауарлар/қызметтер ақысын төлеу немесе карточка деректемелерін пайдаланып, пошта-телефон арқылы тапсырыс беру кезінде қолма-қол ақшасыз жүргізілетін операциялар;
- 9) Банктің интернет–сайты – Банктің ресми интернет–сайты (www.tengribank.kz);
- 10) төлем карточкасын пайдалану – төлем карточкасын ұстаушының карточка немесе оның деректемелері арқылы төлемдерді жүргізу, ақша аудару, қолма-қол ақшаны алу, валюта айырбастау және (немесе) төлем карточкасының Банк белгілеген және оның талаптарымен басқа операцияларды жүргізумен байланысты операцияларды жүзеге асыруы.
- 11) карточка (төлем карточкасы) – электрондық терминалдар немесе төлем карточкасын ұстаушыға төлем жүргізуге, қолма-қол ақша алуына, валюта айырбастауына және Банк белгілеген басқа да операцияларды жүргізуіне мүмкіндік беретін ақпараттардан тұратын өзге қондырғылар арқылы ақшаға қол жеткізу құралы. Төлем карточкасы негізгі және қосымша болып бөлінеді;
- 11-1) карточкалық өнім – шығару, қызмет көрсету және пайдаланудың белгілі бір талаптарымен сипатталатын банктік карточка;

- 12) карточкалық операция – карточканы пайдаланып, қолма-қол ақша алу, төлеу, валюта айырбастау және Банк белгілеген және оның талаптарымен жүргізілетін басқа да операциялар;
- 13) Клиент – Банспен Шарт жасаған және Шот иесі болып табылатын жеке тұлға;
- 14) карточкалық операция жүргізуге арналған лимит – белгілі бір уақыт ішінде карточканы пайдаланып, кез келген карточкалық операцияны (интернет-төлемдерді ескере отырып) жүзеге асыруға мүмкіндік беретін шектелген барынша көп сома;
- 15) санкцияланбаған төлем – төлемді санкциялау талаптары бұзылып жүргізілген төлем. Санкцияланбаған төлемдерге сондай-ақ жасанды төлем карточкаларын пайдаланып жүзеге асырылған төлемдер жатады;
- 16) овердрафт – Клиенттің банктік шотындағы жеке ақшасының сомасынан және несие лимитінің (оны банктік шот бойынша анықтаған жағдайда) сомасынан артық жұмсалған ақша сомасы;
- 17) оператор – қызметіне карточканы шығару және пайдалану, карточкалық операцияларды жүргізуге арналған лимиттер мен шектеулерді өзгерту және/немесе карточка бойынша интернет-операцияларды жүргізу үшін рұқсат беру/бермеу, карточканы оқшаулау мәселелері бойынша кеңес беру кіретін Банктің қызметкері. Операторлар ауысым бойынша, тәулік бойы демалыссыз жұмыс жасайды. Оператордың телефоны карточкада және/немесе Банктің интернет-сайтында және/немесе Банктің ақпараттық-жарнама материалдарында көрсетіледі. Карточканы ұстаушы мен оператор арасында телефон арқылы жүргізілген келіссөздер кейіннен Банк пен карточканы ұстаушы арасында туындауы мүмкін кез келген даулы мәселелерді шешу мақсатында жазып алу қондырғысына жазылып алынады. Бұл ретте Клиент, Банктің жазып алу қондырғысына Клиенттің/қосымша карточканы ұстаушының телефон арқылы оператормен жүргізген келіссөздерін жазып алуына келісімін береді;
- 18) негізгі карточка – Клиенттің банктік шотына қол жеткізу құралы ретінде Клиенттің атына шығарылған төлем карточкасы;
- 19) карточканы қайта шығару – банктік шотқа қол жеткізу құралы ретінде бұрынғы карточканың орнына жаңа карточканы беруді көздейтін банктік операция;
- 20) ПИН-код – карточканы ұстаушыға берілген және карточканы ұстаушыны сәйкестендіру үшін тағайындалған жеке сәйкестендіру нөмірі (құпия код);
- 21) ПИН-конверт – карточка алу кезінде карточканы ұстаушыға берілетін ішінде ПИН-код басылған қосымша парағы бар арнайы желімделген конверт;
- 22) кәсіпкер – өздері жеткізіп беретін тауарлар мен/немесе қызметтерге ақы төлеуде қолма қол ақшасыз төлемді жүзеге асыру үшін төлем карточкасын қабылдайтын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға;
- 23) процессинг – төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын және төлем карточкаларын пайдалану арқылы жүргізілетін басқа операцияларды жүзеге асыру кезінде қалыптастырылатын ақпаратты жинау, өңдеу және тасымалдауды жүзеге асырумен байланысты қызмет.
- 24) процессингілік ұйым – процессингі, сондай-ақ төлем карточкалары жүйесінің қатысушысымен жасалған шарттармен көзделген өзге қызметтерді жүзеге асыратын төлем карточкалары жүйесінің қатысушысы.
- 25) карточканың деректемелері – төлем карточкасы жүйесінің атауын, нөмірін, қолданыс мерзімін және төлем карточкасының оның иесіне және/немесе Банкке және төлем карточкасы жүйесіне тиесілі екенін анықтауға мүмкіндік беретін басқа ақпараттан тұратын төлем карточкасында және/немесе Банктің ақпараттық жүйесінде сақталатын ақпарат;
- 26) санкцияланған төлем – төлем карточкасын пайдаланып жүргізілген төлем, егер төлемді жүргізу кезінде төлем карточкасы оқшауланбаса, оның мерзімі аяқталмаса және төлем

карточкасы төлем карточкалары жүйесінің ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылған болса, ол санкцияланған болып табылады;

- 27) төлем карточкаларының жүйесі – төлем карточкаларын пайдалану арқылы төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттаманың және ұйымдық-техникалық іс-шаралардың жиынтығы;
- 28) тоқтату парағы – пайдалануға тыйым салынған және оларды қызмет көрсету кезінде ұсынған кезде алып алуға жататын, эмитенттердің жазбаша арызы негізінде төлем карточкаларының жүйесін жасайтын карточкалар деректемелерінің тізімі;
- 29) тарифтер – Банктің карточкаларды пайдалану және оған қызмет көрсету бойынша көрсеткен қызметтері үшін Клиент/қосымша карточканы ұстаушы төлеуі тиіс комиссия мөлшерін белгілейтін Банктің ішкі құжаты;
- 30) сауда чегі – төлем карточкасын пайдаланып төлем жүргізгендігін растайтын құжат;
- 31) төлем карточкалары жүйесінің қатысушысы – жасалған шарттарға сәйкес төлем карточкаларының белгілі бір жүйесінің төлем карточкасын пайдалану арқылы төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру кезінде әзірленген төлем құжатын жіберу, өңдеу және/немесе орындау бойынша міндеттемелер туындайтын жеке немесе заңды тұлға.
- 32) фродоқауіпті елдер – карточкалық операциялар бойынша алаяқтық тәуекелі жоғары елдер;
- 33) эквайер – кәсіпкермен жасалған шарт талаптарына және/немесе төлем карточкасын пайдалану арқылы төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру кезінде кәсіпкер жасаған төлем құжатының талаптарына сай кәсіпкердің пайдасына түскен ақшаны қабылдауы және кәсіпкермен жасалған шартпен көзделген өзге іс-әрекеттерді орындауға тиісті, банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйым (бұдан әрі – банк). Қолма-қол ақшаны беруді және/немесе осы банктің клиенттері болып табылмайтын төлем карточкаларын ұстаушыларға төлем карточкаларын пайдалану арқылы төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру бойынша өзге қызметтерді көрсетуді жүзеге асыратын банк те Эквайер болып табылады;
- 34) эмитент – төлем карточкаларын шығаруды жүзеге асыратын банк;
- 34-1) cashback – Клиентке төлем карточкасын пайдаланып кәсіпкердің тауарларына/қызметтеріне қолма қол ақшасыз төленген төлем сомасының бір бөлігін қайтару, келесі операцияларды қоспағанда¹³:
 - интернет желісінде төлем төлеу;
 - казино, букмекерлік кеңселер мен ломбардтар;
 - коммуналдық, телекоммуникациялық қызметтер;
 - бюджетке төленетін айыппұлдар пен төлемдер;
 - POS-терминалдар арқылы қолма-қол ақша беру.Банк төлем құжаттарын алған операциялар бойынша Шотқа Cashback төлеу есептік айдан кейінгі айдың 10-да жүзеге асырылады.
Егер 10 күні демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келетін болса, Шотқа Cashback төлеу демалыс/мереке күндерінен кейінгі бірінші жұмыс күні жүзеге асырылады.
- 35) POS-терминал (“POS” – “Point of sale” сауда/сервис пункті деген ағылшын сөз тіркесінің аббревиатурасы) – авторландыруды автоматтандыру және операция бойынша төлем құжаттарын ресімдеу мақсатында қолданылатын электрондық

³ Бұл тізбе соңғы болып табылмайды және Клиентті хабардар етпей, Банк біржақты тәртіппен толықтыра алады.

кондырғы;

36) Алынып тасталды.

37) SMS-хабарлама – Банктің ішкі құжаттарында және Шартта белгіленген нысан бойынша немесе Банк/"Қазақстан Халық Банкі" АҚ банкоматтары арқылы өздігінен қосу жолымен Клиенттің SMS-хабарлама қызметіне қосылуға берген және қол қойылған өтініші негізінде, Клиенттің жеке сұратуынсыз Клиенттің тіркелген нөміріне SMS-хабарлама жолдау арқылы карточкалық операциялар туралы, жүргізілген төлемдер мен ақша аударымдары туралы ақпарат және басқа да ақпараттар берумен байланысты қызмет.

Правила выпуска и использования платежных карточек физическими лицами

Глава 1. Общие положения

1. Настоящие Правила выпуска и использования платежных карточек физическими лицами (далее – Правила) регулируют отношения между Банком и Клиентом, связанные с открытием банковского счета (далее – Счет), выпуском, обслуживанием и использованием платежной карточки (далее – карточка).
2. Настоящие Правила являются неотъемлемой частью Договора банковского счета физического лица, средством доступа к которому является платежная карточка (далее – Договор), заключенного между Банком и Клиентом. Присоединяясь к Договору, Клиент присоединяется к настоящим Правилам и подтверждает:
 - 1) что получил, ознакомлен и, безусловно, согласен с настоящими Правилами и тарифами Банка;
 - 2) обязуется соблюдать и руководствоваться настоящими Правилами;
 - 3) в случае выпуска дополнительных карточек несет обязательство за соблюдение настоящих Правил держателями дополнительных карточек.
3. Клиент не вправе ссылаться на отсутствие его подписи в настоящих Правилах или тарифах Банка, как на доказательство того, что настоящие Правила или тарифы Банка не были им получены или не разъяснены, если у Банка имеется заявление на получение основной/дополнительной карточки, подписанное Клиентом.
4. Действие настоящих Правил не распространяется на иные услуги, предоставляемые Банком и не предусмотренные в настоящих Правилах. В случае, если Клиент желает получить иные услуги, требуется заключение отдельных договоров на оказание соответствующих услуг.
5. Настоящие Правила размещаются на интернет-сайте Банка.
6. Понятия и определения, используемые в тексте Договора и настоящих Правил, имеют значение, которое приведено в приложении к настоящим Правилам, если иное значение не установлено непосредственно в тексте Договора или настоящих Правил.

Глава 2. Выпуск платежной карточки
